



Alhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 15 (8044) 10 сәуір, Жұма 2026 жыл

aktogai_red@mail.ru

* Ақорда

Қасым-Жомарт Тоқаев Таяу Шығыстағы бітім келісімін құптады



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф пен Пәкістан Қарулы күштерінің бас қолбасшысы, фельдмаршал Асим Мунирдің арағайындығы арқылы Таяу Шығыстағы соғысты толық тоқтату және бітімге келу туралы келісімге қол жеткізілуін құптайды. Бұл туралы ҚР Президентінің кеңесшісі — баспасөз хатшысы Айбек Смадияров жазды.

Бұл келісім АҚШ Президенті Дональд Трамптың және Иранның жоғарғы басшылығының, сондай-ақ әскери қақтығысқа қатысқан елдердің ізгі ниеті мен парасаттылығының арқасында мүмкін болды. Мемлекет басшысы әлемдік сауданың дамуына және барлық мемлекеттің экономикалық өркендеуіне жағдай жасау мақсатында қол жеткізілген бітімгершілік келісімнің ұзақ мерзімді сипатқа ие болатынына үміт білдірді.

Материалды әзірлеген Аида РАХЫМҚҰЛОВА.
Материалдар «Ortalyq Qazaqstan» сайтынан алынды.

Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов Конституцияны түсіндіру жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспары аясында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын атап өтті. Үкімет – Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкімет еліміздің

қықтық сауаттылығын қалыптастыру жөніндегі кешенді бағдарламаны уақтылы әзірлеп, Конституцияның тың қағидаттарын мектептер мен колледждердің және университеттердің үлгілік оқу бағдарламаларына енгізуді қамтамасыз етуге тиіс, – деп атап өтті Үкімет басшысы. Сондай-ақ заңнаманы

Олжас Бектенов Конституцияны түсіндіру жұмысын күшейтуді тапсырды



Конституциясын түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. Қазіргі таңда сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен Конституцияның барлық новеллалары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді.

– Мәдениет және ақпарат министрлігі уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, осы бағытта жоспарлы жұмысты одан әрі жалғастыруы қажет. Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктері халықтың құ-

талдау жүргізіп, бағдарламалық құжаттарды өзектендіру жұмыстарын аяқтау тапсырылды.

– Жаңа Конституция нормаларын ескере отырып, белгіленген мерзімдерде қолданыстағы заңнамаға кешенді талдау жүргізіп, барлық заңдар мен бағдарламалық құжаттарды өзектендіру жұмыстарын аяқтау қажет. Барлық орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарға Іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруды қамтамасыз етуді тапсырамын, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

ҚР Үкіметінің баспасөз қызметі.

* Пікір

Конституция – құқықтық сананың негізі

Мен Премьер-министр Олжас Бектенов көтерген Конституцияны түсіндіру жұмыстарын күшейту туралы бастамасын аса маңызды әрі дер кезінде қабылданған шешім деп есептеймін. Бүгінгі таңда қоғамның құқықтық санасын арттыру – мемлекеттің тұрақты дамуы мен әділетті қоғам құру жолындағы негізгі басымдықтардың бірі. Конституция – бұл тек құқықтық құжат қана емес, ол – еліміздің даму бағытын айқындайтын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып табылатын басты заң. Сондықтан оның мазмұнын халыққа кеңінен, жүйелі әрі түсінікті түрде жеткізу – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар еліміздің саяси жүйесін жаңғыртуға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған. Алайда бұл өзгерістердің мәні мен маңызын әрбір азамат толық түсінбейінше, олардың нақты өмірдегі әсері де жеткілікті деңгейде сезілмеуі мүмкін. Осы

тұрғыда ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының сапасы мен қолжетімділігі ерекше рөл атқарады. Әсіресе, білім беру жүйесінде құқықтық сауаттылықты арттыру мәселесіне айрықша көңіл бөлу қажет. Мектеп оқушыларынан бастап, колледж және жоғары оқу орындарының студенттеріне дейін Конституциялық қағидаттарды терең меңгерту – болашақта құқықтық мәдениеті жоғары, жауапкершілігі мол азаматтарды қалыптастырудың негізі. Бұл тек теориялық біліммен шектелмей, практикалық тұрғыда да жүзеге асырылуы тиіс. Мысалы, пікірталас клубтары, құқықтық тренингтер арқылы жастардың қызығушылығын арттыруға болады. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажет деп санаймын. Әлеуметтік желілер, онлайн платформалар, интерактивті курстар мен қысқа түсіндірме видеолар арқылы Конституция нормаларын қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізу – қазіргі заман талабына сай тәсілдердің бірі. Бұл әсіресе жастар аудиториясын қамтуда тиімді болмақ. Ауылдық жерлерде де бұл жұмыстардың белсенді жүргізілуі маңызды. Өйткені құқықтық

ақпаратқа қолжетімділік өңірлер арасында әркелкі болуы мүмкін. Осыған байланысты көшпелі семинарлар, кездесулер ұйымдастыру, жергілікті қоғамдастықтармен тығыз байланыс орнату қажет деп есептеймін. Сондай-ақ азаматтық қоғам институттарының, сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің бұл іске тартылуы өте маңызды. Ашық диалог алаңдарын құру арқылы халықтың ұсыныстары мен пікірлерін ескеру – Конституцияның қоғамдағы шынайы рөлін күшейтеді. Жалпы алғанда, Конституцияны түсіндіру жұмыстары бір реттік науқан емес, үздіксіз әрі жүйелі жүргізілуі тиіс процесс. Бұл бағыттағы кешенді шаралар құқықтық мәдениетті арттырып қана қоймай, азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтады, олардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуына жол ашады. Сондықтан Үкімет тарапынан берілген тапсырмалар сапалы әрі уақтылы орындалады деп сенемін. Бұл – әділетті, құқықтық әрі ашық қоғам қалыптастыру жолындағы маңызды қадам.

Айсұлу Кабдынова,
Аудандық мәслихат депутаты,
Ортадересін ауылдық округі.

Еңбек адамы – ел тірегі



Қай кезеңде де ел дамуының басты тірегі – адал еңбек иелері. Қарапайым еңбек адамдарының маңдай тері, қажырлы еңбегі қоғамның ілгерілеуіне негіз болып келеді. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөздерінде: «Еңбек адамы – қоғамның басты құндылығы. Олардың еңбегі әрдайым құрметке лайық» деп атап көрсеткен болатын. Осы орайда, туған жерінің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан еңбек адамдарының бірі – Қабдығали Оралхан.

Қабдығали Оралхан 1960 жылы дүниеге келген. Қарапайым отбасында тәрбиеленіп, жастайынан еңбекке

араласып, тіршіліктің мәнін ерте ұғынған азамат. Білімі – орта. Дегенмен, өмірлік тәжірибесі мен еңбекқорлығы оны өз ісінің шебері ретінде қалыптастырды.

Еңбек жолын 1977 жылы Айыртас кеңшарында механизатор болып бастаған. Сол кезеңде ауыл шаруашылығы саласы үлкен жауапкершілікті талап ететін. Жас болса да, техника тілін тез меңгеріп, жұмысына тыңғылықты қараған Қабдығали Оралхан әріптестері арасында еңбекқорлығымен ерекшеленді. Егіс даласында, шаруашылықтың қызу науқандарында тынымсыз еңбек етіп, ауыл тіршілігінің дамуына өз үлесін қосты.

Уақыт өте келе тәжірибесі толысып, түрлі салаларды меңгерген ол 2000 жылдан бастап Айыртас ауылдық округіндегі ПС-46-35 электр жүйесінде электрлік қызметіне орналасты. Бұл сала – аса жауапты әрі дәлдікті қажет ететін жұмыс. Ауыл тұрғындарының жарықпен қамтамасыз етілуі, электр жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі – осы мамандық иелерінің кәсібилігіне тікелей байланысты.

Қабдығали Оралхан осы қызметте 2018 жылға дейін абыроймен еңбек етті. Ол тек өз міндетін атқарып қана қоймай, әрдайым ауыл тұрғындарының алғысына бөленген жан бол-

ды. Қыстың қақаған аязында, жаздың аптап ыстығында да ел игілігі үшін аянбай еңбек етті. Кез келген ақауды дер кезінде түзеп, жарықтың үздіксіз берілуіне бар күш-жігерін салды.

Еңбекжолындағы табандылығы мен жауапкершілігі оны нағыз еңбек адамы ретінде қалыптастырды. Осындай жандардың арқасында ауыл өмірі жанданып, халықтың тұрмыс-тіршілігі жақсара түсуде. Президентіміз атап өткендей, еңбек адамын дәріптеу – қоғамның басты міндеттерінің бірі. Қабдығали Оралхан сынды азаматтардың өмір жолы – кейінгі ұрпаққа үлгі, жастарға бағыт-бағдар.

Бүгінде зейнеткерлік жасқа жетсе де, ол кісінің өмірлік тәжірибесі мен ақыл-кеңесі ауыл жастары үшін үлкен мектеп. Қарапайымдылық, еңбекқорлық, елге деген адалдық – оның басты қасиеттері.

Еңбек – ердің көркі. Ал сол еңбегімен елге сыйлы болған Қабдығали Оралхан – туған жердің мақтаншы, ел құрметіне лайық азамат. Мұндай жандардың өнегелі өмірі ұрпақ санасында мәңгі сақталып, ел тарихында өзіндік із қалдыра беретіні сөзсіз.

Құлмұхаммет Серікғалыұлы, Айыртас ауылы.

Құттықтаймыз!

Құрметті құдағиымыз **Сания Қнарқызы!**

Сізді мерейлі 70 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – өмір жолындағы үлкен белес, парасат пен даналықтың, ақыл мен мейірімнің тоғысқан шағы. Сіз отбасыңыздың берекесі, әулеттің алтын діңгегі, ұрпаққа үлгі болар ардақты ана, асыл әже болып келесіз. Алла Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, көңілге шаттық сыйласын. Немеңгер-шөберелеріңіздің қызығын көріп, олардың әрбір жетістігіне қуанып, шаттыққа бөлене беріңіз. Құдалық сыйластығымыз нығайтып, арадағы ағайындық, татулық пен құрметіміз арта берсін. Бірге қуанып, бірге шаттанып, жақсы күндерде жүздесейік.

Асыл жан, ақ тілекпен нұрға бөлен, Жаныңыз жайнап жүрсін гүлдей көктем. Құдалық сыйластығымыз арта беріп, Бірге өтсін әр күніміз шаттықпенен!

Ізгі тілекпен: құда-құдағиларыңыз – Дініебай – Құлхаер, Бағдат – Сания.



Хабарландыру

«ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) АҚ «Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында орналасқан Шығыс Бесшоқы кен орындарында ашық тәсілмен мыс кендерін өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылға 2 маусымда сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қусақ ауылдық округі, Қошқар ауылы, Мәдениет көшесі, 15 (Мәдениет үйі) мекенжайы бойынша өтеді.

Онлайн қатысу үшін сілтеме бойынша оту қажет: <https://mineralsoperating.bitrix24.kz/video/aaR0s6Hh>

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қусақ ауылдық округі: 48°13'22.15" СШ 76°12'48.90" ШБ.

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 48° 27' 42,42" СШ 76° 15' 53,16" ШБ 2. 48° 27' 34,49" СШ 76° 27' 4,97" ШБ 3. 48° 23' 44,61" СШ 76° 26' 58,43" ШБ 4. 48° 23' 52,52" СШ 76° 15' 47,46" ШБ.

Қатысушыларды тіркеу жеке куәлігін ұсынған жағдайда жүзеге асырылады. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) АҚ; Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қ., Медеу ауданы, Елебеков к., 10, №1 блок, 3 қабат, +7 (727) 250 13 87, info@ulmusbesshoky.com, БСН 131140027330

Әзірлеуші: «Minerals Operating Ltd.» ЖК, Z05T3E5, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, +7 (777) 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz, БСН 200140900031.

Жергілікті атқарушы органы (ЖАО): «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ; +7 7212 56 41 27; pr.resurs@krg.gov.kz.

Жобаға қатысты құжаттама «Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында - <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/about?lang=ru> сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында немесе expertiza.upr_krg@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Объявление

АО «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) уведомляет о проведении общественных слушаний по Отчету о возможных воздействиях к «Плану горных работ по добыче медных руд на месторождениях Восточный Бесшоқы открытым способом, расположенных в Ақтоғайском районе Карагандинской области».

Общественные слушания состоятся 2 июня 2026 года в 15:00 ч. по адресу Карагандинская область, Ақтоғайский район, Қусақский сельский округ, село Қошқар, улица Мәдениет, 15 (Дом культуры).

Для участия онлайн необходимо перейти по ссылке: <https://mineralsoperating.bitrix24.kz/video/aaR0s6Hh>

Территория воздействия: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Қусақский сельский округ. Географические координаты территории воздействия: 48°13'22.15" СШ 76°12'48.90" ВД

Географические координаты участка: 1. 48° 27' 42,42" СШ 76° 15' 53,16" ВД 2. 48° 27' 34,49" СШ 76° 27' 4,97" ВД 3. 48° 23' 44,61" СШ 76° 26' 58,43" ВД 4. 48° 23' 52,52" ВД 76° 15' 47,46" СШ.

Регистрация участников ведется при предъявлении удостоверений личности. Инициатор намечаемой деятельности: АО «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ); Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, Медеуский район, ул. Елебекова, 10, блок №1, 3 этаж, +7 (727) 250 13 87, info@ulmusbesshoky.com, БИН 131140027330.

Разработчик: ЧК «Minerals Operating Ltd.», Z05T3E5, г. Астана, пр. Мангулик Ел, 55/21, офис 164, +7 (777) 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz, БИН 200140900031.

Местный исполнительный орган (МИО): ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинский области»; +7 7212 56 41 27; pr.resurs@krg.gov.kz.

Документация по проекту размещена на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» - <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/about?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются на портале <https://ndbecology.gov.kz/> либо на электронную почту expertiza.upr_krg@mail.ru.

Құрылтайшысы: «Ақтоғай ажары»
Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.
Редактор: Нұрдәулет Ақторғай.

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары»
Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.
(куәліктегі ресми атаумен келісілген)

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде 2020 жылдың 10 қаңтарында қайта тіркелді.

Тіркеу куәлігі:
KZ94VPY00019192

Алғашқы тіркеу күні мен нөмірі: 1999 жылғы 09 шілде, №578-Г

Газет апта сайын 1 рет шығады

Таралымы 1030 дана

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, 87770498986

Электрондық пошта: aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.